

Н. Т. Мысжанов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 2-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекшісі: Д. С. Темірова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминалогия кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, полиция полковнигі

ПАРА АЛУ

Пара алу түсінігі ҚР-ң Қылмыстық кодексінің 311 бабында айқындалған. Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өзі немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқығы немесе мүлік сипатындағы өзі немесе басқа адамдар үшін, пайда түрінде, пара алуы, егер, мұндай іс-әрекет (әрекетсіздік) мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттілігіне кіретін болса не ол қызметтік жағдайына байланысты осындай іс-әрекетке (әрекетсіздікке) мүмкіндік жасаса, сол сияқты жалпы қамқоршылығы немесе қызметі бойынша жол берсе пара алушылық бойынша жауапкершілікке тартылады.

Қазіргі таңда жемқорлық жаңа деңгейге көшіп мемлекетіміздің басты талқылаудағы мәселелердің бірі болып табылады. Сол себепті мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар мемлекеттің саяси ұстанымын, мемлекет аппаратының қалыпты жұмысын бұзшылық және кедергі ретінде қаралуы тиіс.

Ең бастысы, «Пара алғаны» үшін жауапкершілікке тартуда қылмыстың құрамын анықтау болып табылады.

Объектісі болып:

1. Қалыпты, заңмен реттелген мемлекеттік аппарат және онымен байланысты мемлекеттік қызмет және мемлекетті басқару мүдделері.
2. Азаматтардың, ұйымдардың заңды мүдделері табылады.

Субъектісі болып: Мемлекеттік, қоғамдық және жеке кәсіпорындарда, мекемелерде ұйымдарда лауазымды міндетті тұрақты немесе уақытша атқаратын қызметкерлер.

Қылмыстық құқық бойынша осы аталған мемлекеттік қызметшілерге жататындар:

1. Мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті лауазымды адамдар.
2. Парламент пен маслихат депутаттары.
3. Судьялар.

4. ҚР-ң мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер жатқызылады.

Егер субъект пара алу мақсатында өзін жалған түрде лауазымды тұлға ретінде көрсетсе оның әрекеті пара беруге айдап салушы ретінде дәрежеленеді.

Субъект пара алуы туралы білмеуі және оны алуды тілеуі қажет.

Ең бастысы, лауазымды адамның пара алуға өз еркі болғандығын анықтауымыз қажет. Егер лауазымды тұлға қамқоршылығы үшін өз еркінен тыс келісімсіз пара ұсынылса, пара алудың белгілерін құрамайды.

Парақорлық үшін жауапкершілік жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы 1995 жылғы 22 желтоқсандағы № 9 қаулысында белгіленгендей: Парақорлық туралы істерді қарау кезінде лауазымды адамдардың пара берушінің мүддесіне сай қандай әрекеттер орындағаны немесе орындамағаны үшін пара алғандығын әрдайым анықтау қажет.

Егер пара толығымен немесе жартылай пара алушының ырқына байланысты емес себептермен алынбай қалса, оның әрекетін алдын ала келісілген параны алуға оқталу деп саралануы керек.

Пара алу айыбы тағылған лауазымды адамның жауапкершілігі туралы мәселе осы адамдардың қандай лауазымға ие екендігін, ол атқаратын істің (жұмыстың) маңыздылығы мен міндеттерін, оған берілген құқық пен өкілеттігін, сондай-ақ айыпкер жұмыс істейтін ұйымның сипатын (жоғары, бас және жетекші мемлекеттік лауазымға ие адамдар, өкімет өкілдігі органдарының депутаттары, судья, прокурор, тергеуші, жергілікті өзін-өзі басқару орган-

дарының басшысы және оның орынбасарлары, республикалық акционерлік банк басқармасының төрағасы және т. б.) екере отырып шешілуі тиіс делінген.

Осыдан келетініміз алған параның мөлшері, жалпы заңдылықтарға сәйкес оның әрекетіндегі қылмыс құрамының бар не жоқ екендігін шешу барысында маңыздылығы болмайды. Пара алу — қылмыстың формальді құрамына жатқандықтан пара алушының пара алған сәтінен, яғни сол пара алғандығы үшін пара берушіге қажетті жағдайларды жасауы немесе толық лрындалуына қарамастан аяқталады. Осыған сәйкес пара алушы, параның толық немесе жартылай алынғандығының маңыздылығының жоқ екендігін біле алмауы мүмкін. Демек, заң бойынша ешқандай маңыздылығы жоқ.

Менің ұсынысым ҚР-ң Қылмыстық Кодексінің Қылмыстық Кодексінің 311-бабында көрсетілген лауазымды тұлғаларды дұрыс топтастыру. Яғни атқаратын жұмысына және қызметіне байланысты баптың бөлімдерін дұрыс топтастырып орналастыру. Лауазымды тұлға мемлекеттік қызметші ретінде түсіндірілсе және қандай лауазымға ие екендігі, істің маңыздылығы анықталғанына байланысты тиісті жауапкершілікке тартуымыз тиіс. Сондықтан бапта түсініксіз мән жайлар жойылып нақты лауазымның түрі айқындалуын ұсынамын. Яғни баптың 1 бөлімінде жалпы мемлекеттік қызметкерлер, жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері танылса 2 бөлігінде жауапты лауазымды орынға ие қызметкерлер мемлекет аппаратының, үкімет құрамының қызметкерлері танылуын ұсынамын. Сол себепті жауапкершілігі де өсуі тиіс, себебі пара алуы мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс болғандықтан, мемлекеттің тұрақты билік жүргізу аппаратының қалыпты жұмысына кедергі келтіргендіктен Қылмыстық кодекста көзделген маңызды тарауының бірі болып табылады. ҚР Конституциясында белгіленгендей мемлекеттің біртұтастығы мен егемендігі әрқашан сақталуы тиіс. Сол себепті Ата-заңымызды құрметтеп әрқашан ұстану міндетіміз болып табылады.